



Автор: Тажиметов Хондамир Бехзодұлы

Пән: Музыка

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Өзім туралы

Тақырып: Мен және менің Отаным

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.1.1.1 – музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен шығарманың жанрын, көркемдік образдарын анықтау және салыстыру; 4.1.2.1 – ән айту ережесін сақтай отырып, түрлі сипаттағы екідауысты қарапайым элементтері бар әндерді орындау; 4.1.3.1 – музыкалық көркемдеуіш құралдардың көмегімен шығарманы орындау және импровизациялау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: – музыканың отансүйгіштікке баули алатын мүмкіндіктерін біледі; – музыканың көркем бейнесін, мазмұнын мүмкіндігінше ажыратып, жалпы түсінігін айтады; – музыкалық шығармаларды жалпы талдайды, салыстырады; – әнді орындау талаптарын жалпы біледі, мүмкіндігінше іс жүзінде пайдаланады; – өз жұмысын жалпы таныстырады. Көптеген оқушылар: – музыканың отансүйгіштікке баули алатын мүмкіндіктерін біледі; – музыканың көркем бейнесін, мазмұнын мүмкіндігінше ажыратады, түсінігін айтады; – музыкалық шығармаларды талдайды, салыстырады; – әнді орындау талаптарын біледі, мүмкіндігінше іс жүзінде пайдаланады; – өз жұмысын таныстырады. Кейбір оқушылар: – музыканың отансүйгіштікке баули алатын мүмкіндіктерін жақсы біледі; – музыканың көркем бейнесін, мазмұнын ажыратады, түсінігін айтады; – музыкалық шығармаларды талдайды, салыстырады; – әнді орындау талаптарын біледі, іс жүзінде кең пайдаланады; – өз жұмысын таныстырады және түсінік береді; – өзінің жұмысын бағалайды, өзгенің жұмысын бағалайды және бағдар береді.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: • тыңдалған шығарманы талдайды және сипаттап береді; • музыкалық шығарманың мазмұнын ашады және көңіл күйін көрсетеді.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар: • тыңдалған шығарманы талдайды және сипаттап береді; • музыкалық шығарманың мазмұнын ашады және көңіл күйін көрсетеді.
Бағалау критерийлері:	Оқушылар мақсатқа жетті: – музыканың отансүйгіштікке баули алатын мүмкіндіктерін біледі; – музыканың көркем бейнесін, мазмұнын ажыратады, түсінігін жалпы айтады; – музыкалық шығармаларды жалпы талдайды, салыстырады; – әнді талап бойынша орындайды; – өз жұмысын таныстырады; – өзінің және өзгенің жұмысын бағалайды.
Құндылықтарды дарыту:	Музыкалық шығармалар мен әндер арқылы Отанын, туған жерін құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	өзінің және өзгенің жұмысын бағалайды
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану. Әдебиеттік оқу
Бастапқы білім:	Алдыңғы бөлімдерде алған білімдеріне сүйене отырып, білім алу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы</p>	<p>(МК, Ұ) 1-тапсырма. Ойтолғау. Ақпарат іздеу. Орындау. М. Сабақ басында оқулықта берілген мәтінді бір оқушыға оқытып, қалған оқушылардан қысқаша түрде түсінік алады. «Біз қазақпыз! Біздің туған жеріміз, Отанымыз – Қазақстан! Қазақстан – кең-байтақ, ата-бабамыздан мұра болып қалған туған жеріміз. Егемендік алған елімізді әлем таниды. Жеріміздің сұлулығымен, халықтардың бірлігімен мақтанамыз. Біз бақытты халықпыз!» (М/О) ҚР мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні туралы әңгімелейді. М. Оқушыларға ҚР Мемлекеттік рәміздердің маңыздылығы туралы айтып, Отанымыздың жас азаматы ретінде саналы түрде оларды құрметтеу керектігін өз ойымен түсіндіреді. М. Оқушылардан Мемлекеттік Гимнді орындау ережесін естеріне түсіріп, жатқа, салтанатты түрде мәнерлеп, сезіммен орындауды талап етеді. Бейнетаспа немесе ұнтаспаны қосып, сыныпта бірге орындайды. Мәтіні оқулықта берілген. О. Гимнді орындап болған соң, Мемлекеттік Гимннің авторлары туралы түсінік беріп, мына сұрақтарға жауап береді: – ҚР жаңа Гимні қай жылы қабылданды? – ҚР мемлекеттік рәміздері қай жылы қабылданды? – «Гимн» деген сөз нені білдіреді? М. Тапсырманың талабы бойынша мектептің жағдайына және оқушылардың дайындығына қарай ғаламтор желісінен осы сұрақтарға ақпарат іздеуді талап етеді. М. Ондай мүмкіндіктер болмаса, оқушыларға берген сұрақтарға мынадай дайын жауаптар болу керек: – ҚР жаңа Гимннің қабылданған жылы – 2006 ж. 11 қаңтар. Авторлары: музыкасын жазған: композитор Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев. – ҚР мемлекеттік рәміздердің қабылданған жылы – 24.01.1996 ж. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығымен бекітілген. ҚР Мемлекеттік туының авторы: Шәкен Ниязбеков. ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары: Жандарбек Мәлібеков пен Шотаман Уәлиханов. Қажет болса, мысалы, Елтаңба, Ту туралы қосымша мәлімет немесе оқушылардың өздеріне ізденіс жұмыс ретінде тапсырма беріп, ғаламтор желісінен табуға болады. (М/О). Оқулықта берілген Мемлекеттік Гимн туралы түсінік те бірге таныстырылады.</p>	<p>Оқулық, нота хрестоматиясы, фонохрестоматия</p> <p>ҚР Мемлекеттік Гимні Ұнтаспа</p> <p>https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_Республикасының_мемлекеттік_рәміздері</p>
----------------------	--	---

Сабақтың ортасы	<p>(М, Ұ) 2-тапсырма. Талдау. Зерттеу. М. Қазақстанға белгілі балалар ақыны Абдрахман Асылбектің Отанымызға құрмет көрсетіп, оқулықтың бірінші тақырыбында арнайы «Қазақстан – елім менің!» өлеңін оқушыларға тарту еткенін айтып, өзі мәнерлеп оқып береді. «Қазақстан – елім менің!» Қазақстан – елім менің, Ұлан-байтақ жерім менің. Кеңпейілді кеңдігіміз – Ата дәстүр ерлігіміз. Алтай, Ақтау, Атырауым – Байлық тұнған атырабым. Арқадағы Астанамыз – Алтын орда бас қаламыз. Туын тігіп теңдігіміз, Асқақтады елдігіміз. Қазақстан – мәңгілік ел, Жасай бермек жаңғырыпжер. Абдрахман Асылбек О. Ғаламтор желісінен немесе бейнетаспадан «Қазақстан – менің Отаным» көрінісін көреді. О. Мына сұрақтарға жауап береді: – Отан дегенді қалай түсінесің? – Өз еліңе, туған жеріңе деген сүйіспеншілігіңді қандай сөздермен білдірер едің? М. Тақтада жазылған торкөздерді толтыруды ұсынады. Жауаптарын ақынның өлеңінен және сабақтың тақырыбынан тауып алуды сұрайды. Дұрыс жауаптары: 1. Қазақстан. 2. Байтақ жер. 3. Алтын орда. 4. Астана. 5. Алтай. 6. Атырау. 7. Дарқан дала. (МК, Ұ) 3-тапсырма. Тыңдау. Талдау. Әнді үйрену. М. Оқушыларды «Дарқан дала» (өлеңін жазған: С. Мәуленов, әнін жазған: С. Еркімбеков) жаңа әнімен таныстырады. Ұнтаспаны қосып, өзі орындап береді. О. Мына сұрақтарға жауап береді: – «Дарқан дала» әнінің атауын қалай түсіресің? – «Далам менің» – «Анам менің» деген автордың теңеуі нені білдіреді? – Ән қандай көңіл күйде орындалды? – Әннің орындалған түрлерін сипатта: оркестр, хор, солист және т.б. М. Әнді үйрету. Әнді «ән орындау» талаптары бойынша оқушыларға үйрету. – Оны мәнерлеп, әдемі айтқызу. – Әннің ырғағын шапалақпен ақырын сүйемелдеуді талап ету. М. Сабақтың уақыты жеткілікті болса, оқушылармен бірге бұрынғысабақтарда өткен ұғымдарды шолып, еске алуға болады. Ән – ең кеңтаралған музыкалық шығармалар жанры, музыка және поэзия өнерлерінің ортақ туындысы. Хор – вокалдық музыка орындаушылар ұжымы. Хор дауыс құрамына байланысты біртектес (әйелдер, ерлер, балалар хоры) немесе аралас болып келеді. Симфониялық оркестр – ішекті-ысқышты, үрлемелі және ұрмалы музыка аспаптары тобынан құралған оркестр. Мемлекеттік Гимн – халқымыздың басты әні. Бұл музыкалық шығарма, мемлекеттің музыкалық ресми белгісі. Гимн – грек сөзінен алғанда «салтанатты ән» деп аударылады. (МК, Ұ) 4-тапсырма. Тыңдау. Талдау. М. А. Жайымовтың «Еркін елім» күйін тыңдату. О. Сұрақтар жауап беру: – Күй қандай екпінде орындалды? – Тыңдағанда көз алдыңа қандай көріністерді елестеттің? – Оқулықта кестеде берілген сөздерден мазмұнын анықтайтын дұрыс сөздерді тауып, түсінігін айтып беру. Берілген дұрыс сөздер: шаттана, жылдам, жігерлі, қуанышпен, сезіммен, ойлана, көркем. М. Оқушылармен бірге тапсырмамен жұмыс жасау барысында түсініктерін айқындайды. Гимн ән хор</p>	<p>Оқулық, нота хрестоматиясы, фонохрестоматия «Қазақстан – менің Отаным» көріністі бейнетаспа; https://www.youtube.com/watch?v=9Nq5Vz_CVREM «Еркін елім» А. Жайымовтың күйі, бейнетаспа https://www.youtube.com/watch?v=Yb7JlrrL_xSY</p>
Сабақтың соңы	<p>(ОТ) Бағалау. 1. «Дарқан дала» әнін қалай орындадым? 2. Орындағанда қандай қиындықтарға тап болдым? 3. А. Жайымовтың «Еркін елім» күйін тыңдағанда қандай әсер алдым? 4. Таныстырылымымды қалай жақсарта едім?</p>	
Рефлексия	<p>– Мен не білдім? – Бүгін мен не үйрендім? – Мен үшін қандай тапсырма қиын болды? – Ал қай тапсырманы мен оңай орындадым?</p>	